



АЛҒА ҚАЗАЛЫ

№5
(2384)
Сәрсенбі
21 қаңтар
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН КӨЛЕМІНДЕГІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫ БАҚЫЛАУДА



Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов пен аудан прокуроры Мадияр Бекпанов аудан аумағында жүзеге асырылып жатқан ірі инвестициялық жобалардың орындалу барысымен танысып, нысандарға кешенді бақылау жүргізді.

Алдымен аудан басшысы мен аудан прокуроры аудан орталығы - Әйтеке би кентіндегі жеке кәсіпкер Ұржамал Ешжанованың құны 650 млн. теңгені құрайтын сауда үйінің құрылысын көрді. Аталған жоба аудан тұрғындарын сапалы қызметпен қамтып, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

Мұнан кейін Басықара аулындағы «Арал-Рыбторг» ЖШС-нің құны 650 млн теңге болатын тауарлы балық өсіру тоғаны жобасының іске асу барысы зерделенді. Бұл жоба өңірде балық шаруашылығын

дамытуға, жергілікті өнім көлемін арттыруға және ауыл шаруашылығы саласының әлеуетін күшейтуге бағытталған. Тоғанның балық өсіру жобасының 308 млн. теңге қаржысы кәсіпкердің өз қаражаты есебінен, қалған 342 млн.теңгесі «Байқоңыр әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ арқылы несие алуға құжаттары ұсынылып отыр.

Нысандарды аралау барысында инвестициялық жобалар бойынша құрылыс жұмыстарының барысы, жоспарланған мерзімдері, қаржыландыру мәселелері, инженерлік инфрақұрылыммен қамту, жер телімдерінің заңдылығы жан-жақты қаралып, талқыланды.

Аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы инвестициялық жобалар аудан экономикасын дамытуға, жаңа жұмыс орындарын

ашуға, тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған маңызды бастамалар екенін атап өтіп, олардың сапасы мен мерзіміне ерекше көңіл бөлу қажеттігін жеткізді.

Ал, аудан прокуроры Мадияр Ертарғынұлы инвестициялық жобаларды іске асыру барысында заңдылықтың сақталуы, кәсіпкерлердің құқықтарының бұзылмауы және мемлекеттік органдар тарапынан негізсіз кедергілерге жол бермеу мәселелеріне тоқталып, прокуратура тарапынан бизнесті қорғау және жобаларды сүйемелдеу бағытында тұрақты бақылау жүргізілетінін жеткізді.

Аудан аумағында жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалардың іске асуын тұрақты бақылауда, туындаған мәселелерді уақтылы шешу жөнінде жауапты мекемелерге тапсырмалар берілді.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ



Әйтеке би кентінде орналасқан «Ali-Nur» сауда үйінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті.

Аталған жәрмеңке тұрғындарды сапалы әрі қолжетімді бағадағы азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету, сондай-ақ, жергілікті тауар өндірушілерді қолдау мақсатында ұйымдастырылды.

Шараға аудан аумағындағы жергілікті ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері қатысып, өз өнімдерін тұрғындар назарына ұсынды.

Жәрмеңкеде 11 тоннаға жуық ауыл шаруашылығы өнімдері сатылымға шығарылды. Оның ішінде 4 тонна ет, 7 тонна картоп пен көкөніс өнімдері халыққа ұсынылды. Барлық өнімдер нарықтағы бағадан төмен бағамен сатылып, тұрғындар тарапынан үлкен сұранысқа ие болды.

Мұндай жәрмеңкелер халықты әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етуге және жергілікті ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдауға бағытталған.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

**Ш. КИЗБАЕВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Қызылорда облысы бойынша департаменті
Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу
басқармасының бас маманы**

ВЕТЕРИНАРИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Ветеринария саласында атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарларды талқылауға арналған жиын өтті.

Жиналысқа ҚР АШМ ВБЖҚ Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясының басшысы Е.Апетов, Қазалы аудандық аумақтық инспекциясының басшысы Н.Наурызбаев, сала мамандары, ветеринариялық станция мен зертхана өкілдері қатысты.

Күн тәртібінде: ветеринария саласындағы өзгерістер, эпизоотиялық ахуалды бақылау, сондай-ақ, 2026 жылға жоспарланған іс-шаралар жайлы мәселелер қаралды.

Жиынды ашқан Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясының басшысы Е.Апетов жергілікті жердегі эпизоотиялық жағдайды тұрақты бақылауда ұстау, ауыл шаруашылығы жануарларын БАБЖ (ИСЖ) және басқа да цифрлық жүйелерге тіркеу жұмыстарын



жүргізудің маңыздылығына тоқталды. Сонымен қатар, ветеринариялық құжаттарды беру барысында ҚР АШМ-нің 2015 жылғы 21 мамырдағы №7-1/453 бұйрығымен бекітілген талаптардың қатаң сақталуы қажеттілігін айтты.

Жиында «Төрт түлік» мобильді қосымшасын кеңінен насихаттап, жеке

және заңды тұлғаларға тұрақты түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізу тапсырылды.

ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі А.Бердалинің 2025 жылғы 13 желтоқсандағы хаттамалық тапсырмасына сәйкес, цифрлық жүйелерді пайдалану, сібір жарасы көмінділерін

бақылауда ұстау, сондай-ақ, 2026 жылы салынатын мал қорымдарының сапасына ерекше мән беру қажеттігі атап өтілді.

Жиында Қазалы аудандық ветеринариялық зертханасының меңгерушісі Ж.Сәрсенбаева зертхананың 2026 жылға толық дайын екенін жеткізсе, аудандық ветеринариялық станциясы басшысының орынбасары Т.Мұратов «Төрт түлік» және өзге де цифрлық модульдерге тіркеу көрсеткіші 94 пайызға жеткенін айтты.

Кездесуде сала мамандары пікір алмасып, қойылған сұрақтарға тұшымды жауаптар берілді.

Жиын қортындысында ветеринария саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсетуде нормативтік-құқықтық талаптарды сақтау және цифрландыру жұмыстарын жүйелі жалғастыру жөнінде қаулы қабылданды.

Ұлпан ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»

БАЛАБАҚША – БАЛАНЫҢ АЛҒАШҚЫ БІЛІМ ОРДАСЫ

Балабақша – баланың өміріндегі ең маңызды кезеңдердің бірі. Балабақшада бала білім алып ғана қоймай, қоғаммен араласуды, достықты, тәртіпті және өз ойын еркін жеткізуді үйренеді. Балабақша баланың тұлға болып қалыптасуына әсер етеді.

Сондықтан тәрбиешілер балалардың жас ерекшеліктеріне сай түрлі тәрбиелік және дамытушылық жұмыстарын жүргізеді. Балаларды ойын арқылы оқытып, олардың ойлау қабілетін, тіл байлығын және шығармашылығын дамытады. Ән айту, сурет салу, қолөнермен айналысу іс-шаралары баланың қиялын кеңейтеді.

Сонымен қатар, балабақшада балалар өздеріне қызмет етуді үйренеді. Олар киімін жинауды, тазалық сақтауды, үлкендерді сыйлауды және достарына көмектесуді меңгереді. Бұл дағдылар баланың болашақ өмірінде өте қажет.

Балабақша – мектепке дайындықтың алғашқы баспалдағы. Мұнда бала оқу тәртібіне үйреніп, жауапкершілікті сезінеді. Сондықтан балабақшаның бала тәрбиесіндегі орны ерекше. Баланың жан-жақты дамуына

жағдай жасайтын, мейірім мен тәрбиеге толы қасиетті орын.

«Рауан-1» бөбекжай-балабақшасы 2018 жылдың қараша айының 19-ынан бастап бала қабылдап, жұмыс істеп келеді. Балабақша құрылтайшысы Қуанышкүл Дәулетиярқызы 2022 жыл-

келіп тәжірибелерімен бөлісті.

Қуанышкүл Дәулетиярқызы 2023 жылдан бастап Қызылорда облысы бойынша әлеуметтік кәсіпкер статусын алды. 2025 жылы Түркия мемлекетінің Стамбул қаласындағы «Мармара Отизм» орталығымен бірлесіп жұмыс

балабақшада атқарылып жатқан жұмыстар таныстырылды.

Эллада ханым Нидерландияның мамандарымен екі жақты шақыртуға және тәжірибе алмасу мақсатында балабақша мамандарын жіберуге көмектесетінін айтты.

Қуанышкүл Дәулетиярқызы үлгілі қызметі үшін ҚР Премьер-Министрінің орынбасары, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі С.М.Жұманғариннің Алғыс хатымен марапатталды.

«Дана Абай ізімен» атты Республикалық байқауға қатысқан балабақша тәрбиешісі Еңсепова Жанат пен тәрбиеленушісі Орынбасар Нұрхат Абзалұлы жеңімпаз атанды. Сүгіралиева Айнұр мен тәрбиеленушісі Бектас Әмина Бауыржанқызы жақсы жетістіктерге жетті. Ал, Сүлеева Айгүл аудандық «Үздік тәрбиеші» байқауына қатысып, үшінші орын иеленді.

Балабақшамызда ерекше білімді қажет ететін балалар тәрбиеленеді. Олар қоғамның ажырамас бөлігі болып табылады, әрқайсысы қамқорлық пен қолдауға лайық.

Лаура СЕЙТОВА,
«Рауан-1» бөбекжай
балабақшасының
меңгерушісі



дан бері SES бағдарлама бойынша Германия мемлекетімен бірлесіп жұмыс істеуді қолға алды. Шет елден мамандар келіп балабақша қызметкерлеріне бала тәрбиелеудің жаңа әдіс тәсілдерін үйретіп, тәжірибе алмасып, сонымен бірге ата-аналарымызға да кеңесін берді. 2022-2025 жылдары Германия мемлекетінен 5 маман

істеу бағытында меморандумға қол қойды. 2025 жылы қараша айында Францияның «Liberation» газетінің тілшісі Манон Мадек келіп, «Рауан» балабақшасының жұмыстарымен танысты. Осы жылдың желтоқсан айында Астана қаласында Нидерландия корольдігінің елшісінің зайыбы Эллада Аллавердияның шақыртуымен кездесуге барып қайтты. Кездесу барысында

ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ

-Бұл күндері біз өз өмірімізді ұялы телефонсыз елестете алмаймыз. Өндірушілер күн сайын жаңа өнімдерді жарнамалайды. Жаңа заманауи телефон сатып алу-көптеген адамдардың арманы, оны жүзеге асыру үшін кейбіреулер тіпті банктен несие алуға дайын. Алайда, егер алынған телефон сынып қалса, ондай жағдайда не істеу керек?

-Тұтынушылар аталған келенсіздікті жою үшін сауда орталығына барып, сынған ұялы телефонды басқасына ауыстыруға немесе ақаулы тауарды кері қайтаруға тырысады, бірақ сатушылар тауарды қайта алудан бас тартады. Сатушылар заң талаптарын орындауға асықпайды.

Мұның бәрі тұтынушылар көбіне сауда жасаған кезде сатып алынған растайтын құжаттарды алмауынан болады. Чектерді де, кепілдік талондарын да алмайды. Егер тұтынушы қолына құжаттарды алмаса, өз - өзіне проблема тауып алады. Чекте, ең алдымен сатушының барлық деректемелері көрсетіледі, телефон сынып қалған жағдайда оны тауып алу да қиындық тудырмайды. Екіншіден чек – бұл сіз телефонды дәл сол сауда нүктесінен сатып алғандығыңыздың дәлелі. Кепілдік талоны – ол да сатып алғандығыңызды дәлелдейтін құжат. Осы жерде сатып алушы мұқият болуы керек, талонда мөр басылғанын, бар болса қандай мөр екенін тексеріп алуы қажет.

Егер құрылғы істен шығып қалса, ол құжаттар сізге ауадай қажет болады. Әрине, «Тұтынушылардың құқықтарын

қорғау туралы» қолданыстағы заңға сәйкес, егер қажетті чек пен кепілдік талоны жоғалып қалса, тауарды сатып алу фактісін дәлелдеу үшін тұтынушы куәгерлерді тартуына болады. Дегенмен чек пен кепілді талонды сақтап қою әлдеқайда оңай.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңына сәйкес сатып алушы сынған телефонды соның жұмыс істеп тұрған баламасына ауыстырып беруді талап ете алады. Сонымен қатар, телефонның ақаулы екенін және де сіз оны құлатып не суға түсіріп алмағандығыңызды да дәлелдеу керек. Сараптамаларды сервис орталықтары мен арнайы аккредиттелген ұйымдар жүргізеді. Егер телефон ақаулығында сатып алушының кінәсі жоқ екендігі анықталса, онда сатушы телефонды ауыстыру немесе ақшасын қайтару бойынша сатып алушының талаптарын орындайды. Егер сараптама қорытындылары күмән туғызса, онда өз есебіңізден басқа сервис орталығының көмегімен телефонның техникалық жағдайына тәуелсіз бағалау жүргізе аласыз. Ал тұтынушының қолында сараптама нәтижелері мен басқа да құжаттары болса, онда оның сотта жеңіп шығу мүмкіндігі айтарлықтай артады.

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті

О ЗАЩИТЕ ПРАВ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ

-В наши дни представить жизнь свою без сотового телефона мы попросту не можем. А производители чуть ли не каждый день рекламируют новинки. Купить новый современный телефон – мечта многих людей, и для ее осуществления некоторые готовы даже взять кредит в банке. И чем печальнее, когда этот телефон ломается, что делать в этом случае?

-Потребители поначалу сами стараются урегулировать конфликт, пытаются обменять в торговой точке телефон на работающий, или вернуть бракованный товар обратно. Однако продавцы не торопятся выполнять требования закона.

И все потому, что зачастую покупатели не берут подтверждающие покупку документы. Ни чеков, ни гарантийных талонов. Когда потребитель не получает на руки документы, он сам создает себе проблемы. В чеке, во-первых, указаны все реквизиты продавца, и найти его в случае поломки телефона просто. А во-вторых, чек –эта доказательство, что вы купили телефон именно в этой торговой точке. Гарантийный талон – это тоже документ, и он тоже подтверждает покупку.

Документы могут вам очень сильно пригодиться, если устройство выйдет из строя. Конечно, согласно действующему закону «О защите прав потребителей» покупатель

имеет право воспользоваться и показаниями свидетелей, чтобы доказать факт приобретения товара, если необходимые чек и талоны потеряны. Но все гораздо проще и разумнее сохранить товарный чек и гарантийный талон.

Согласно Закона о защите прав потребителей, покупатель имеет право потребовать заменить неисправный телефон на аналогичный работающий экземпляр. Кстати, неисправность телефона еще надо доказать. Как и то, что вы его сами не утратили. Проводят экспертизы сервис центры и специальные аккредитованные организации. Если выясняется, что вины покупателя в неисправности телефона нет, то продавец выполняет требования покупателя по замене телефона и возврату денежных средств. Если результаты экспертизы вызывают сомнения, то можно получить независимую оценку технического состояния телефона за свой счет, обратившись в другой сервисный центр. А имея на руках результаты экспертизы и все прочие документы, шансы потребителя выиграть дело в суде существенно увеличиваются.

Департамент торговли и защиты прав потребителей Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан по Кызылординской области

●Хабарландыру

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРАМЫЗ

Қазалы ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі келісім-шарт бойынша Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет етемін деп ниет білдірген запастағы (сержанттар, (старшиналар) мен сарбаздар (матростар) және (офицерлер) әскери қызметке шақырылып жатқандығын хабарлайды.

Әскери қызметтің басымдықтары Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде келісім-шарт бойынша қызмет етемін деп ниет білдірген азаматтарды жарқын болашақ күтіп тұр. Себебі, қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде келісім-шарт бойынша қызмет етемін деген азаматқа төмендегідей жағдай жасалған:

1.Айлық жалақының уақытылы төленуі (әскери қызметшінің еңбек сіңірген жылдары мен лауызымдық жағдайына сәйкес қарастырылған)

2.Мемлекет есебінен айлықақының 20 пайызы зейнеткерлік қорға тұрақты аударылады.

3.Мемлекет есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету. Тұрғын

үй қорында қызметтік тұрғын үй болмаған жағдайда тұрғын үйді жалдауға арналған ақшалай төлемақы мөлшері отбасы мүшелерінің санына және жұмыс орнына байланысты төленеді.

4. Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін әскери-медициналық мекемелерде мемлекет есебінен медициналық қамтамасыз ету (диагностика, емдеу) қарастырылған.

5.Белгіленген нормалар бойынша заттай мүліктермен (киім үлгісімен) есебінен қамтамасыз етіледі.

6.Кезекшілік атқарған кезде, далалық шығулар кезінде, ұшуға дайындалу және орындау кезінде, әскери эшелондарға ілесіп жүрген кезде, стационарлық емделуде болған кезде белгіленген нормалар бойынша мемлекет есебінен тамақтанумен қамтамасыз етіледі.

7. Келісім-шарт бойынша әскери қызметшілер қашықтығы 100 шақырымнан астам бір елді мекеннен басқасына қоныс аударуға байланысты қызмет бабымен ауысқан кезде оларға әскери қызметшінің

өзіне екі айлық ақшалай қаражаттың жартысы мөшерінде көтерме жәрдемақысы төленеді.

8. Жыл сайынғы негізгі демалыс беріледі, әскери қызметшіге демалыс беру екі лауызымдық айлықақы мөлшерінде төленеді.

9. Күнтізбелік есептесуде кемінде сегіз жыл қызмет өткерген келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткерген сарбаздар (матростар), сержанттар (старшиналар) лауызымдарында әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарында ақылы негізде оқуға жұмсалатын шығындарын бюджет қаражаты есебінен оқыту құнының елу пайызы мөлшерінде өтеуге құқылы.

10. Әскери қызметшілердің балаларына тұрғылықты жері бойынша мектепке дейінгі балалар мекемелерінде кезектен тыс орындар беру жөнілдіктері қарастырылған.

Кәсіби әскери қызметші мансабын таңдағысы келген 19 жастан 32 жасқа дейінгі әскери борышын өтеп

келген ер азаматтарға, запастағы (сержанттар (старшиналар) мен сарбаздарға (матростарға) және (офицерлерге) көрсетілген мекенжай бойынша хабарласуға болады.

Қазалы ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі телефон:21-4-33, 87754964351

●Көңіл айту

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихаттың депутаттары, аудандық қоғамдық кеңес және ардагерлер кеңесі Басықара ауылдық округінің әкімі Бекмамбетов Мұратбек Тоқтамұратұлының ағасы

БЕКМӘМБЕТОВ МЕЙРАМБЕК ТОҚТАМҰРАТҰЛЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11507 дана.